

Аппараттық кеңесте

БІРДЕЙЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ- МАЛДӘРІГЕРЛІК ЖҰМЫСТАР ПӘРМЕНДІ ЖҮРГІЗІЛСІН

Аудан әкімінің әр аптаның дүйсенбісі күні сағат 9-да өтетін кезекті аппараттық кеңесінде (06.04.2015) «Ауылшаруашылығы малдарын бірдейлендіру, ветеринарлық іс-қимылдарды атқару барысы және малдәрігерлік пункттердегі жұмыстар туралы мәселе қаралды. Бұл жөнінде бөлім басшысы Д.С.Сәкетов есеп берді.

2015 жылы ауданда ветеринарлық іс-шараларды жүргізу үшін республикалық бюджеттен 46 млн. 406 мың теңге қаржы бөлінген. Бекітілген жоспарға сәйкес жұмыстар орындалуда. Биылғы жылы аудандық бюджеттен бруцеллезге шалдыққан малдарды тасымалдау үшін 1 965 000 теңге, бұралқы иттер мен мысықтарды аулау үшін 1 000 000 теңге бөлінген. Бүгінге текті аудан бойынша 212 бұралқы ит ауланып, жойылды. Бөлінген қаржының 298 896 теңгесі игерілген.

Биыл 6500 ірі қараны, 14500 қой-ешкіні, 2200 жылқыны, 4 түйені бірдейлендіруден өткізу жоспарланған. Бүгінге текті аудан бойынша 2935 ірі қара, оның ішінде 2385 бұзау, 1950 қой-ешкі сырғаланды. Жылқыларды таңбалау жоспар бойынша екінші жартыжылдықта атқарылады. Биыл жоспар бойынша 6497 бұзаудан, 14 389 сиырдан, 832 бұқадаң, 8900 басқа малдардан, барлығы 30618 ірі қарадан қан алу жоспарланған. 58046 қой-ешкіден, 81 жылқыдан, 26 түйеден бруцеллезге тексеру үшін қан алынған.

Биыл құтыруға қарсы - 7700 ірі қара, 4600 қой-ешкі, 700 жылқы, 700 ит; пастереллезге қарсы - 9100 ірі қара, 12100 қой-ешкі, 200 жылқы; «Сібір жарасына» қарсы - 26600 ірі қара, 41600 қой-ешкі, 6450 жылқы, 50 түйе; «Қарасанға» қарсы - 2100 ірі қара егіледі. 1300 ит эхинококкозға қарсы дәріленіп, 39700 ірі қара туберкулезге қарсы тексеріледі.

Қарігі таңда ауданда 11 округте 12 ветеринарлық пункт жұмыс істейді. Барлығы да мамандар мен жұмысқа қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Олардағы жұмыс «Ветеринария туралы» заң талаптарына сай жұмыс жүруде. Былтыр облыстық бюджет есебінен ауданымызға 10 000 пар ірі қара сырғасы, 9 000 дана қой-ешкі сырғасы берілген. Бүгінге текті ірі қараға берілген сырғалардың барлығы пайдаланылды. Қалдық сырға жоқ. Қой-ешкіге арналған сырғалардың қалдығы - 6415 дана.

Аппараттық кеңесте аудан әкімі Ж.Қ.Тауенов бөлім басшысы Д.С.Сәкетовке малдарды бірдейлендіру, ветеринарлық және малдәрігерлік пункттер жұмысын одан әрі жақсартуды міндеттеді. Алдағы уақытта осы салада барынша пәрменді жұмыс істеуді тапсырды.

Аппараттық кеңесте бірқатар ағымдық мәселелер қаралды. Әсіресе Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтуге байланысты атқарылатын жұмыстар жан-жақты талқыланып, пысықталды.

Аудан әкімі

АГРОКЕҢЕС ӨТКІЗДІ



2015 жылдың 10 сәуірі күні сағат 11.00-де аудан әкімі Ж.Қ.Тауенов Қ.Әбенов атындағы мәдениет үйінде «Аудан бойынша көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге дайындық, мал шаруашылығының қазіргі жағдайы және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысы туралы» агрокеңес өткізді. Агрокеңесті өзі ашып, жүргізіп отырды.

Агрокеңеске Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашылығы Министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясы басшысы О.К.Батырбеков, аудандық мәслихат хатшысы, аудандық мекеме, кәсіпорын, саяси ұйымдар басшылары, аудандық ауылшаруашылығы мекемелерінің жауапты қызметкерлері, ауыл және ауылдық округ әкімдері, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен БАҚ өкілдері қатысты.

Агрокеңестің күн тәртібінде «Көктемгі дала жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізу, мал шаруашылығының қазіргі жағдайы және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың барысы туралы» мәселе қаралды.

Ол туралы аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі ММ басшысының орынбасары Ж.С.Әубәкір баяндама жасады.

Баяндама бойынша:

1. Ауыл шаруашылығы жерлерін мақсатты пайдалану, пайдаланылмай отырған жерлерді қайтарып алу барысы туралы аудандық жер қатынастары бөлімі басшысы Қ.Қ.Кенжебаев;
2. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне салық салудағы өзгерістер туралы аудандық кірістер басқармасының басшысы М.Сейткамалов;

3. Ауданның эпизоотиялық жағдайы, бірдейлендіру мәселелері мен 2015 жылы атқарылатын жұмыстар жөнінде аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Д.С.Сәкетов;

4. Ауданның ауыл шаруашылығы жерлерінің фитосанитарлық жағдайы, аса қауіпті зиянкестер мен карантиндік объектілерге қарсы күрес туралы методикалық орталық басшысы Б.С.Шекеров;

5. «Аманкелді-финанс» несиелік серіктестігі арқылы несиелендіру мен мемлекеттік бағдарламаларға қатысу барысы, серіктестіктің алдына қойған мақсаттары туралы серіктестік төрағасы Д.С.Князев;

6. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға тиімділігі жөнінде «Гаухар» шаруа қожалығының басшысы С.Ж.Молдатаевтар жарыссөзге шықты.

Агрокеңес жұмысын аудан әкімі Ж.Қ.Тауенов қорытындылады. Аудан басшысы алда тұрған міндеттерді жан-жақты саралап көрсетіп, ауданның агроаласында қызмет жасап жүрген серіктестіктер мен қожалықтар төрағаларына, ауыл және ауылдық округтер әкімдеріне күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша нақты жұмыс жасауды міндеттеді. Олардың алдына биылғы жылды табыс жылына айналдыруға байланысты тиянақты жұмыс жасап, аудан экономикасын арттыруға лайықты үлес қосулары керектігін атап көрсетті. Сонымен қатар, көктемгі егіс жұмыстарына жан-жақты әзірленіп, оны ойдағыдай өткізуді алға қойды. Бұл жөнінде барлық ауылдық округ әкімдері мен ауылшаруашылығы өндірісі басшыларына міндеттер жүктеп, істеріне табыс тіледі.

Суретте: агрокеңеске қатысушылардың бір тобы.

Бәрекелді!

БАЛУАНДАРЫМЫЗҒА ЖЕҢІС СЫЙЛАҒАН ТУРНИР

Жақында облысымыздың Жанкелдин ауданында Самбо күресінің іргетасын қалаушы Жакан Қосабайұлының IV-дәстүрлі Дзюдо күресінен 2000-2001 жылы туған жасөспірімдер арасындағы турнир өтті. Сайысқа Жанкелдин ауданының маңындағы ауылдардан және Арқалық қаласы мен Аманкелді ауданының командалары қатысты.

Осы турнирде ауданымыздан 11 жас балуан өз бақтарын сынады. Солардың арасынан 4 балуан жүделі орынға ие болып келді. Атап айтатын болсақ: 35 келі салмақ дәрежесінде - Кәрім Ерболат I-ші орынды иеленді, бапкері Мұхаметжанов Бағдат. 38 келі салмақтан - Ермаханов Нариман III-ші орынды еншіледі, бапкері Бекібаев Нұрхан. 55 келі салмақтан Ақанов Бақытжан III-ші орынды жеңіп алды. 55 келі және одан жоғары салмақтан Нұрпейісов Ерсултан II-ші орынды, Карбозов Сержан III-ші орынды иеленді, бапкері Сабыров Бақтілеу.

Жоғарыда аттары аталған жүлдегерлерге арнайы грамоталар мен медальдар тапсырылды.

Бұл жеңімпаз жас балуандардың барлығы - Е.Сейкенов атындағы аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары. Жаттықтырушылары да осы мектептің бапкерлері.

Бақтілеу САБЫРОВ,
БмЖСМ жаттықтырушысы.



Суретте: турнир жеңімпаздары мен оған қатысушылар.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Амангелді ауданының учаскелік сайлау комиссиялары Сіздерді Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына қатысуға шақырады.

Сайлау 26 сәуір 2015 жылы сағат таңертеңгі 07.00-ден кешкі сағат 20.00-ге дейін сайлау учаскелері үй-жайында өтеді:

№ 213 Жетібай сайлау учаскесі - Жетібай ауылы, медициналық пункт ғимараты, телефон 23290;

№ 214 Күмкешу сайлау учаскесі - Күмкешу ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 23432;

№ 215 Айтбай сайлау учаскесі - Айтбай ауылы, мектеп ғимараты, телефон 23269;

№ 216 Маметова сайлау учаскесі - Амангелді ауылы, М.Маметова 4, Қ.Әбенов атындағы мәдениет үйінің ғимараты, телефон 21208;

№ 217 Амантоғай сайлау учаскесі - Амантоғай ауылы, Амантоғай орта мектебінің ғимараты, телефон 25192;

№ 218 Жалдама сайлау учаскесі - Жалдама ауылы, Жалдама орта мектебінің ғимараты, телефон 25191;

№ 219 Шақпақ сайлау учаскесі - Шақпақ ауылы, Жеке үй, телефон 23277;

№ 220 Тасты сайлау учаскесі - Тасты ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 30300;

№ 221 Горняк сайлау учаскесі - Горняк ауылы, Кітапхана ғимараты, телефон 22500;

№ 222 Қарынсалды сайлау учаскесі - Қарынсалды ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 20005;

№ 223 Степняк сайлау учаскесі - Степняк ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 50205;

№ 224 Жанатұрмыс сайлау учаскесі - Жанатұрмыс ауылы, Жеке үй, телефон 23790;

№ 225 Үштоғай сайлау учаскесі - Үштоғай ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 50201;

№ 226 Ақсай сайлау учаскесі - Ақсай ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 30501;

№ 227 Амангелді сайлау учаскесі - Амангелді ауылы, Дүйсенбин к-сі, 35, Шұғыла жастар демалыс орталығы, телефон 22021;

№ 228 Автобаза сайлау учаскесі - Амангелді ауылы, Б.Майлина 10, Б.Қолдасбаев орта мектебінің ғимараты, телефон 21-1-41;

№ 229 Алтынсарин сайлау учаскесі - Амангелді ауылы, С.Мауленова 29, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің ғимараты, телефон 21557;

№ 230 Майлин сайлау учаскесі - Амангелді ауылы, Божманов 38, Амангелді орта мектебінің ғимараты, телефон 21437;

№ 231 Есір сайлау учаскесі - Есір ауылы, Н.Мейрманов атындағы мектеп ғимараты, телефон 23769;

№ 232 Кемер сайлау учаскесі - Кемер ауылы, кітапхана ғимараты, телефон 23039;

№ 233 Қоғалыкөл сайлау учаскесі - Қоғалыкөл ауылы, кітапхана ғимараты, телефон 23123;

№ 234 Ақкісі сайлау учаскесі - Ақкісі ауылы, медициналық пункт ғимараты, телефон 23455;

№ 235 Қарасу сайлау учаскесі - Қарасу ауылы, ауылдық клуб ғимараты, телефон 25603;

№ 236 Ағайдар сайлау учаскесі - Ағайдар ауылы, Жеке үй, телефон 23219;

№ 237 С.Есенбаев сайлау учаскесі - С. Есенбаев ауылы, Жеке үй, телефон 23662;

№ 238 Ә.Сыздықов сайлау учаскесі - Ә.Сыздықов ауылы, Жеке үй, телефон 23597;

№ 240 Үрпек сайлау учаскесі - Үрпек ауылы, Жанауыл орта мектебінің ғимараты, телефон 23905;

№ 240 Ағаштыкөл сайлау учаскесі - Ағаштыкөл ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 23528;

№ 241 Қосжан сайлау учаскесі - Қосжан ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 23521;

№ 242 Қабырға сайлау учаскесі - Қабырға ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 23410;

№ 243 Жанатай сайлау учаскесі - Жанатай ауылы, Мектеп ғимараты, телефон 23520;

№ 244 Байғабыл сайлау учаскесі - Байғабыл ауылы, А.Нұрманов атындағы орта мектеп ғимараты, телефон 25590.

Ескерту: сайлау бюллетені сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасы сайлаушысының жеке басын куәландыратын құжаттар: паспорт, жеке куәлігі, уақытша куәлігі, әскери қызметін шақыру бойынша өткеріп жатқандар үшін әскери билет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

№233 Қоғалыкөл сайлау учаскесінің байланыс телефоны 2015 жылғы 08 сәуірден бастап техникалық себептерге байланысты 8(714-40)23-4-47 болып өзгертілді.

Амангелді аудандық сайлау комиссиясы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ аудандық коммуналдық меншік нысандарын сату жөнінен аукцион өткізеді.

Сауда 2015 жылы 28 сәуірде сағат 10.00 де мемлекеттік мүлік тізімінің www.gosreestr.kz. веб-порталында өткізіледі.

Аудандық коммуналдық меншік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 (бұдан әрі-Ережелер) қаулысымен бекітілген жекешелендіру нысандарын сату Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

АУКЦИОН

Голланд әдісі

«Амангелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» КММ (Амангелді ауданы, Байғабыл селосы, Байкадамов көшесі 9)

1. Бұрынғы балабақша ғимараты, салынған жылы анықталмаған, жағдайы жартылай бұзылған, Бастапқы бағасы – 8 461 890 тенге. Ең төменгі баға – 423095 тенге. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна 126928,35 тенге.

Назар аударыңыз!

Тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуына қатысушының хабарландыруда көрсетілген талаптары сақтамауы, сондай-ақ, сауданың өткізілетіні туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сатушының шотында аукционның басталуына жеткісі екі сағат қалғанға дейін түспеуі негіз болып табылады.

Аукционға қатысу үшін тізілім веб-порталында мыналарды көрсете отырып, алдын-ала тіркелу қажет:

- 1) Жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (болса);
- 2) Заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі БСН), толық атауы, бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болса);
- 3) Кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктің есеп шотының деректемелері;
- 4) Байланыс мәліметтері (пошта мекен-жайы, телефон, факс, e-mail);

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілім веб-порталына енгізілген мәліметтерді өзгертеді.

Аукционға қатысушылар аукционның басталуына бір сағат қалғанда ЭСҚ мен аукциондық нөмерді пайдаланып аукцион залына кіреді.

Аукционды голланд әдісімен өткізу Ережелері (бастапқы бағаның төмендеуі). Сауданың голланд әдісімен өтетін аукционда жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алуға бірінші болып тілек білдірген қатысушы жеңімпаз болып табылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өтті деп танылады (www.gosreestr.kz толығырақ). Әрбір жекешелендіру объектісі бойынша аукцион қортындылары туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған тізілім веб-порталында сатушы мен жеңімпаз ЭСҚ қолдана отырып, сауда өткізілген күні қол қояды.

Аукцион қортындылары туралы хаттама аукцион қортындыларын және жеңімпаз бен сатушының сату бағасы бойынша жекешелендіру объектісін сату - сатып алу келісім-шартына қол қою міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады. Жеңімпазбен сату - сатып алу келісім-шартында аукцион өткізілген күннен бастап, он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде мына мекен-жайда қол қойылады: Амангелді селосы, Майлин көшесі 14, 208 кабинет.

Аукцион жеңімпаз сатушыға сату - сатып алу келісім-шартына қол қоярда түпнұсқаларын салыстыру үшін ұсына отырып, келесі құжаттардың көшірмелерін не болмаса, келесі құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады:

- 1) Жеке тұлғалар үшін: төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың көшірмесі;
- 2) Заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден (кайта тіркеу) туралы куәлік не болмаса анықтама; заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін растайтын құжаттың, сондай-ақ төлқұжат пен заңды тұлға өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырылғаннан кейін бір жұмыс сағат ішінде қайтарылады. Кепілдік жарнаны алушы - «Информационно-учетный центр» АҚ; БИН 050540004455, ИИК KZ529261501102032004; KZKOKZKX; банктің атауы - «Казкоммерцбанк» АҚ, ИПН 171; Кбе 16. Сауда қатысушыларын тіркеу хабарлама жарияланған күннен басталуды және аукционның басталуына екі сағат қалғанда ғана аяқталады. Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 8 714(40) 2-15-65, 2-13-48 және сайт бойынша: amangeldy-finans@mail.ru.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

КТУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района» проводит аукцион по продаже объектов районной коммунальной собственности

Торги состоятся 28 апреля 2015 года, в 10 часов, на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Продажа объектов районной коммунальной собственности осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года №920 (далее - Правила).

АУКЦИОН

Голландский метод

КТУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Амангельдинского района» (Амангельдинский район, село Байбабул, улица Байкадамова 9)

1. Здание бывшего детского сада, год постройки не установлен, состояние полуразрушенное. Стартовая цена – 8 461 890 тенге. Минимальная цена - 423095 тенге. Гарантийный взнос для участия в аукционе составляет – 126928,35 тенге.

Внимание! Основанием для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки являются несоблюдение участником требований, указанных в объявлении, а также непоступление за два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на специальный транзитный счет единого оператора.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

- 1) Для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее- ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии)
- 2) Для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее- БИН), полного наименования, фамилии, имя и отчества (при наличии) первого руководителя;
- 3) Реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;
- 4) Контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail)

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб-портал реестра. Участник аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходит в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер.

Порядок проведения аукциона по голландскому методу торгов (с понижением стартовой цены): победителем аукциона по голландскому методу торгов признается участник, первый подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации по объявленной цене, и аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся (подробнее на www.gosreestr.kz).

Результаты аукциона по каждому проданному объекту приватизации оформляются электронным протоколом о результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов. Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор победителя и продавца подписать договора купли-продажи объекта приватизации по цене продажи. Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня проведения аукциона по адресу: с.Амангельды, ул Майлина 14, каб.208.

При подписании договора купли-продажи победитель аукциона представляет продавцу копии следующих документов, с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

- 1) Для физических лиц: пасторта или документа, удостоверяющего личность физического лица;
- 2) Для юридических лиц: свидетельства либо справки о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица; документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица, а так же паспорта или документа, удостоверяющего личность представителя юридического лица. Оригиналы документов после сверки возвращаются в течение одного рабочего часа.

Получатель гарантийного взноса- АО «Информационно-учетный центр», БИН 050540004455, ИИК KZ529261501102032004; KZKOKZKX; наименование банка- АО «Казкоммерцбанк», КНП 171, Кбе 16. Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала аукциона.

Дополнительную информацию можно получить по телефону 8 (71440)21-5-65, 21-3-48 и на сайте: amangeldy-finans@mail.ru

Прокурорлық қадағалау

АУДАН ПРОКУРАТУРАСЫМЕН 54 ЖҰМЫСКЕРДІҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

Амангелді ауданының прокуратурасымен 2015 жылдың өткен кезеңінде еңбек туралы заңнаманың қолданылуы мәселесі бойынша «Амангелді ауданының ветеринария бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Амангелді мал дәрігері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында тексеру жүргізілді.

Жүргізілген тексеріс барысында «Амангелді мал дәрігері» КМК-ның тарапынан қызметкерлерге жалақы төлеу бөлігінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының бұзылу фактілері анықталды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабы 2-тармағына сәйкес, әркімнің еңбегі үшін нендей бір кемсітудіз сыйақы алуына құқығы бар.

Еңбек кодексінің 22-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сай, қызметкердің еңбек шартының, ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес уақтылы және толық көлемде жалақы төленуіне құқығы бар.

Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес, жұмыс беруші қызметкерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек шартында, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық

мөлшерде төлеуге міндетті.

Алайда, жүргізілген тексеріс барысында 2015 жылғы наурыз айының 17 күні жағдайында «Амангелді мал дәрігері» КМК-ның барлығы 54 қызметкерінің жалақылары бойынша жалпы берешек сомасы 1 769 248 теңгені құрап отырғандығы анықталды. Яғни, «Амангелді мал дәрігері» КМК-ның қызметкерлері тексеріс жүргізілген уақытқа дейін өздеріне тиесілі ағымдағы жылғы ақпан айының жалақыларын алмаған.

Дегенмен, Еңбек кодексінің 134-бабы 1-тармағында белгіленген

талаптарға сай, жалақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшалай нысанда айына кемінде бір рет, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірілмей төленеді.

Көрсетілген заңнама талаптарының бұзылу жайлары нәтижесінде «Амангелді мал дәрігері» КМК-ның тарапынан жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген құқықтары мен заңды мүдделеріне айтарлықтай нұқсан келтірілген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, аудан прокуратурасымен

17.03.2015 жылы тез арада қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдап, «Амангелді ауданының ветеринария бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Амангелді мал дәрігері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының 54 қызметкеріне жалпы 1 769 248 тенге жалақы берешегін дереу төлеу талабы қойылып, «Амангелді мал дәрігері» КМК-ның директоры міндетін атқарушысы атына заңды бұзушылықты жою туралы ұйғарым енгізіліп, ол қазіргі уақытта толық көлемде орындалды.

Сонымен, аудан прокуратурасының ықпал етуі нәтижесінде 54 азаматтың конституциялық құқықтары қорғалды.

А.ТЕНТЕКОВ,
Амангелді ауданының
прокуроры, әділет кеңесшісі



МАЙДАНГЕРЛЕР — ҚАҺАРМАН ҚАЙРАН ЕРЛЕР, ЕСІМДЕРІҢ ҒАСЫРДАН-ҒАСЫРҒА ӨРЛЕР!

«АА» газетінің өткен нөмірінде «Майдангерлер — қаһарман қайран ерлер, есімдерің ғасырдан-ғасырға өрлер!» деген тақырыппен бір топ Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің суреттері жарияланғаны белгілі. Негізінде суреттер — көп нәрседен хабар береді. Суреттер де — тарих.

Бүгінгі нөмірде де бір топ қаһармандардың суреттерін жариялап отырмыз. Олар: Тайжан Батырбеков, Қазбек Әбенев, Бейсенбек Әбенев, Әбдіхалық Мақатов, Досым Шешенбаев, Иманбек Бүркітбаев, Жұмабек Аюпов, Сағымбай Жылкелдин, Торғай Смайылов, Зинолла Ахметов, Шынтемір Мағзұмов, Сәтмағанбет Әндіров, Әлібек Ахметов, Бөкеш Сейділдәулы, Сәттар Қақанов, Темірғазы Саржанов.

Тайжан БАТЫРБЕКОВ — соғыстан оралған соң 20 жылға таяу уақыт аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін басқарды. Білімді, көргені көп кісі еді. Аудандық газетке бірнеше тарихи очерктер жазды. Әсіресе, Тілеулі батыр туралы туындысы көптің көңілінен шықты.


Қазбек ӘБЕНОВ болса — Торғай аймағының ғана емес, қазақ халқының әйгілі қобызшыларының бірі болды. Аудан мәдениетін өркендетуге өлшеусіз үлес қосты. Сондықтан да, оған әріптестерінің бірауыздан қолдауымен және сол кездегі аудан басшылығының мақұлдауымен Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағы берілді.

Бейсенбек ӘБЕНОВ болса — қазақ және орыс тілдерін өте жетік білген білімді де парасатты басшы азамат атанды. Ол жаңадан құрылған «Тасты» және «Родник» совхоздарының алғашқы директоры болды. Сонымен бірге аудандық «АА» газетінің редакторы, ауатком төрағасының бірінші орынбасары да болды. Ол ұшақ апатынан 40 жасында дүние салды. Үлкен қайраткер тұлға еді, болашағы зор еді. Бірақ, ажал оның өмірін ерте үзіп кетті.

Әбдіхалық МАҚАТОВ ақсақал болса — ұзақ жылдар табан аудармай жас ұрпаққа білім беру жолында жемісті жұмыс жасады. Кейін оның жолын балалары қуды. Әбекенді әсіресе, бүгінгі Қарасу ауылының халқы айрықша құрметтейді.

Досым ШЕШЕНБАЕВ ақсақалды — Ұзынқоға, Жалпаққоға, Байғабыл, Құмкешу ауылдарының халқы жақсы біледі. Халыққа болсын деген өте қайырымды, қарапайым кісі екен. Зейнеткерлікке шыққан соң өз малымен қоса ауылдастарының бар малын тегін бағып берген. Осыдан болар Досым ақсақалды ел ерекше құрметтейді. Оның да ұрпақтары ауданымызды өркендетуге өздерінің үлестерін қосып келеді.

Ал Иманбек БҮРКІТБАЕВ ақсақал болса — соғыстан оралған соң өзінің туған жері Байғабыл ауылында табан аудармай почта бөлімін басқарып,



зейнеткерлікке шықты. 40 жылға жуық уақыт бір жерде адал еңбек еткен Иманбек ақсақалды байғабылдықтар да әрдайым ардақтайды. Оның да жолын балалары қуып, қазіргі күні Байғабыл ауылында қызмет жасауда.

Жұмабек АЮПОВ ақсақал — артында сөз қалған тілмалардың бірі. Ол ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығы,

сауда салаларында жемісті қызмет жасады. Көп жылдар бөлімше басқарушысы болды. Жұмысшы кооперациясының төрағасы болды. Тілі өткір, әзіл-қалжыңға ұста, сөзге шебер кісі еді. Бұл кісінің де ұрпақтары қазіргі күні ауданымызда еңбек етіп жүр.

Сағымбай ЖЫЛКЕЛДИН ақсақал болса — Амантоғай ауылының тумасы. Ұзақ жасаған

қариялардың бірі. Ол кісінің де ұрпақтары бар. Көп жылдар төрт түліктің төресі - жылқы бағып, жоғары жетістіктерге жеткен.

Торғай СМАЙЫЛОВ — шалғайдағы Жыланшық жерін түлетуге барған алғашқы топтағы азаматтардың бірі. Ол өзі ғана емес, балалары да сол жерде совхоз жабылғанша жұмыс жасады. Көшербай,

Талқанбай, Көшекбай, Мейрамбай секілді төрт ұлының үшеуі — механизатор, біреуі — ұстаз болып қызмет жасады. Әсіресе, Көшербай механизаторлық жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Ол «Родник» совхозының, кейін Жанкелдин совхозының озат механизаторларының бірі болды.

Зинолла АХМЕТОВ, Шынтемір МАҒЗҰМОВ ақсақалдар

Бірінші қатарда: Тайжан Батырбеков, Қазбек Әбенев, Бейсенбек Әбенев, Әбдіхалық Мақатов.
Екінші қатарда: Досым Шешенбаев, Иманбек Бүркітбаев, Жұмабек Аюпов, Сағымбай Жылкелдин.

Үшінші қатарда: Торғай Смайылов, Зинолла Ахметов, Шынтемір Мағзұмов, Сәтмағанбет Әндіров.
Төртінші қатарда: Әлібек Ахметов, Бөкеш Сейділдәулы, Сәттар Қақанов (соғыста түскен суреті), Темірғазы Саржанов.

да — қарапайым еңбектің нағыз майталмандары болатын. Бұл кісілердің де ұрпақтары әкелерінің, аталарының ерлік істерін әрдайым мақтан етеді.

Шынтемір ақсақалдың күш-қайраты туралы замандастары аңызға бергісіз әңгімелер айтатын-ды. Жарымжан Шікең ұзақ жылдар аудандық тұтынушылар одағында жүкші болып қызмет жасаған. Сонда 70 келілік екі қап ұнды екі иығына салып, тік көтеретіні туралы әріптестері айтып отырады.

Сол сияқты бұл кісінің шөптің төбесіне шығу шеберлігі туралы да жақсы әңгімелер баршылық. Ол кезде, кеңестік дәуірде аудан тұрғындарына бір машина ғана шөп беріледі. Жұрт сол шөпті әкелуге Шікеңді апарды екен. Сонда Шікең бір машинаға бірнеше машинаның шөбін тиейді екен. Марқұм ұстазымыз Бөкетбай Әлмағанбетұлы ағамыздың айтуы бойынша Шікеңнің сол бір машина шөбі қазіргі коммерциялық 8-10 машинаға тең келеді екен. «Шікең төбесіне шыққан сол бір машина шөппен бар малымызды қыстан аман алып шығушы едік» деп отыратын Бөкен.

Сәтмағанбет ӘНДІРОВ ағай — ұзақ жылдар метеорологиялық станцияны басқарды. Кейін Есірдегі жол бөлімін басқарды. Аманкелді селолық атқару комитетінің төрағасы болып та жемісті жұмыс жасады. Бұл кісінің де ұрпақтары бар. Әр салада қызмет жасауда.

Әлібек АХМЕТОВ ақсақал — ұзақ жылдар аудандық байланыс торабында табан аудармай қызмет жасады. Бір қалыпты, бір сөзді Әлекең зиялы кісі еді. Тарихи әңгімелерді көп білетін.

Әлекеңнің жолын балалары мен немерелері жақсы жалғастырды. Қызы Назым, немересі Нұрлыбек осы салада қызмет жасап, абыройға бөленді. Немересі Нұрлыбек осында бас инженер болып еңбек етуде.

Бөкеш СЕЙДІЛДӘУЛЫ — ауданымызды көркейту мен көгалдандыруға және электр жүйесін қалыптастыруға, коммуналдық шаруашылық кәсіпорнын орнықтыруға басшы болған іскер азамат. Бұл кісінің еңбегі ерекше. Сондықтан да, оның ескерткіші — аудандық электр жүйесі мекемесі кеңсесінің қасына орнатылған. Ұрпақтары әке жолын жалғауда.

Сәттар ҚАҚАНОВ ақсақал — ақжарқын, жаны жайсаң азамат еді. Бұл кісі облыстық партия комитетінде, аудандық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарды. Мектептерде ұстаз болды. Өз балаларымен қатар өзгелердің балаларын тәрбиелеп өсірді. Балалары мен немерелері қазір ауданда басшы қызметтер атқаруда.

Темірғазы САРЖАНОВ ақсақал — соғысқа барғандардың соңғы толқынының өкілі. Бұл кісі ұзақ жылдар аудандық байланыс торабында еңбек етті. Тем-ағаның да ұрпақтары ауданымызда тұрып жатыр.

С.СЫҒАЙ

АРДАҚТЫМЫЗ ЕДІ

Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толу қарсаңында тәтем туралы жазсам деп қолыма қалам алдым. Әкелерім Ақан, Хамза, Мұхаммедриза ертеректе, өткен XX ғасырдың 30-ыншы жылдарының ортасында Аманкелдіде Торғайдан қызмет бабымен қоныс аударып келген екен. Осындағы Ожан ағайындармен араласып, туыс болып кетіппіз. Руымыз — Әйдеркенің Қожагелдісі. Ал Қожагелді мен Ожан бірге туады. Үлкен әкем Ақан, папам Хамза сол жақтан, Торғайдан үйленіп келген көрінеді. Әкем мен папам екеуі ақылдаса келе, кіші інілері Мұхаммедризаға Аманкелді елінің сол кездегі бетке ұстар азаматтарының бірі Досымбек Ешанов ақсақалдың қызы Ақжанға құда түсіп, алып береді.

Біз бір әулет, бір отбасы болып бәріміз бір үйде тұрыппыз. Әкелеріміз ұйымшыл, тату-тәтті тұрды. Біз, олардың балалары Ақанды әке деп, Хамзаны папа деп, Мұхаммедризаны тәте деп өстік.

Мұхаммедриза тәтем Ақжан жеңгем екеуі бізді үйлендіріп, баламыз Нүргүлді бесікке салып, қызығымызды біраз қызықтап көріп кетті. Тәтем Ұлы Отан соғысынан бірінші топтағы мүгедек болып оралды. Аяғынан үлкен жарақат

алған екен. Біздің үй тәтем үйімен қабырғалас, екі басты үйдің бір жағында тұрдық. Тәтем мінезге сондай бай, байсалды кісі еді. Мектептерде директор, аудандық атқару комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, одан кейін аудандық партия комитетінде ұйымдастыру бөлімінде қызмет істепті. Марқұмның жазуы таспен басқандай еді. Замандастары Қазтай Ахметжанов, Нысан Жакыпбекұлы секілді кісілер Мұхаммедризаның сауаты мол, жазуы өте әдемі еді деп



айтып отырушы еді. Өкініштісі тәтемнің Мәлік, Серік деген екі ұлы өмірден ерте өтіп кетті. Бірақ тәтем Алланың басқа салғанына төзіп, қайғыға беріліп кетпеді. Кісілік қалпын сақтады.

Тәтем туралы мәліметтер кейінгі шыққан «Боздақтар» кітабында суретсіз беріліп, қайтыс болған жылы 1970 жыл деп қате жазылыпты. Шамасы долбармен жазылған болар. Балалары мұнда болмаған соң бізден сұрауды білмеген шығар. Егер бізден сұрағанда нақты деректі беретін едік. Негізінде тәтем Мұхаммедриза Нұғманов 1982 жылдың жазында қайтыс болды. Оның жарқын бейнесі бүгінгі ұрпақтары, біздің жадымызда әрдайым сақталады. Ол кісі туралы балаларымызға айтып отырамыз. Аталарының есімдерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіндер, ұмытпандар дейміз. Олар біздің бұл сөздерімізді тыңдап, мақұлдайды. Тәтеме Аллатағаладан иман тілеймін. Жаннұ жәннәтта, жайы рахатта болғай.

Берік Хамзаұлы НҰҒМАНОВ,
аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің күзетшісі.
Суретте: Мұхаммедриза НҰҒМАНҰЛЫ.



Данышпан А.Құнанбайұлы:

...Дүние – үлкен көл,
Заман соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Кейінгі толқын – інілер,
Кезегімен өлінер,
Баяғыдай көрінер...

- деп кезінде толғанған екен. Уақыт шіркін өз дегенін істейді екен. Дүние есігін ашып, тылсым сырлы тіршілік аясын тани бастаған шағымнан бастап, отбасымызда жиі болып, бізді мейірім-шуағына бөлеген, менің өте құрметтеп, жақсы көретін атам – Мұсағали Қабылдаұлы бүгінгі күні ортамызда болмасада, нұрлы жүзімен мейірлене қарап, мақамдап-мақалдап, сөйлеп, өнегелі ой-түйіндерін айтып, өмірімізге жақсылық тілеп тұрғандай болады...

Халқымызда «Тақыр жерге тұқ шықпайды» деген сөз бар. Мұсағали атамның атасы – Кенебай қажылыққа барған, діни сауатты, шаруасы дөңгеленген бай, дәулетті кісі болған дейді, ал өзінің әкесі – Қабылда орта шаруа қолының ісмерлігі бар, мықты ағаш шебері болыпты. Колхоз уақытында ол кісі бақташы болып еңбек етіп, өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты қылып орындайтын ісіне адал адам болса керек. Атақты айтыскер ақын Нұрхан Ахметбеков «...Түсімде Зеңгі баба көрдім» дейді, бақташы Кенебайдың Қабылдасы» деп жығра қосқан атамның зайыбы, Мұсағали атамның анасы – Хадид

ша Итжанқызының шыққан тегі – Қайыпберлі руынан.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, көргені мен түйгені мол, тәрбиелі ортаның тәлімін бойына жиып, өскен Мұсағали атам інісі Асанғали мен қарындасы – Бикен апамды ағалық қамқорлығына ала жүріп, өз ортасына сыйлы азамат болып ер жетті. Қайда жүрсе де, қай салада еңбек етседе, өзіне де, өзгеге де қатал тәртіп-талап қоя білетін, еңбекте жауапкершілігі жоғары, өмірінің соңына дейін таза жүріп, сұлу-сыпайы, шыныққан, сырбаздық жолынан бір таймаған жан. Бұл кісінің ауданымыздағы оқу-білімнің қара шаңырағы болған, бүгінгі ғасырдан аса шежірелі тарихы бар Амангелді орта мектебінің Ұлы Отан соғысы қарсаңында 1939 жылғы алғашқы бітірген 11 түлегінің бірі екендігін мектеп тарихын зерттеп, жинастырып жүрген бүгінгі өскелең ұрпақ жақсы біледі. Орта мектепті үздік аяқтап, сол жылы әскер қатарына алынып, Ашхабад қаласындағы кіші командирлер дайындайтын училищеге оқуға жіберіледі. Бұл училище жаяу әскер командирлерін дайындайтын сол кезеңдегі бірден – бір оқу орны болған. Оқуды үздік аяқтап, лейтенант атағын алып шығады.

Сан мыңдаған ер азаматтардың өмірін қиған Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін атам Орта Азия округына қарасты № 100 Қызыл Тулы атқыштар полкінде әскери қызмет атқарады. 1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4-те бейбіт жатқан елімізге Гитлерлік Германия ойламаған жерден, опасыздықпен соғыс өртің тұтандырғаннан бастап,



әскери адам болғандықтан, небір сын-кәтерге толы сәттерде майдандас достарымен бірге болып, қанға боялған даланы, соғыс бұлтын көзімен көріп, алдыңғы шепте жүріп, қандышайқастарға куә болған атам «Адамзат пайда болғаннан бастап, жер бітінде қаншама соғыс болмады, қанша ма алапат соғыс, қанды қырғындар болып жатыр, сол соғыстардың ішіндегі ең жойқыны, ең көп адам шығыны болған - екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы 21 қыркүйектен басталып, сұрапыл соғыс 1945 жылға дейін созылды. Соғыстан мен талай қыршынынан қиылған жастарға куә болдым. Ер азаматтармен қатар, қыздар да өз еріктерімен соғысқа сұранып, «қызбын», «нәзікпін» демей, отанын қорғауға аттанды, бастарын бәске тікті, олар ерлерден кем ерлік көрсеткен жоқ. Қазіргі балалар, кейінгі ұрпақтарымыз

соғыс туралы тек кинодан көріп, кітаптан оқып біледі ғой, бүгінгі бейбіт заман үшін әкелерің жанын қиды. Тыныштық, баршылық заманының перзенттерісіндер, осы өмірді, бейбіт аспанды бағалай білулерің керек. Енді соғыс атаулыны ұрпағымыз көрмесе екен» деп, оңаша сәттерде, ойлана отырып, естелік әңгімелерінен шешіліп сыр шерткенде, арасында көз жанарын бір нүктеге қадалтып, ұзағырақ үндемей де қалатын еді. Қазір ойласам, атам сол бір қиын күндерді әңгімелей отырып, бәлкім, туған жер, атамекенін аңсап, артта қалған, елдегі іні-қарындас, бауырларына деген сағынышын майдан даласында мәңгілікке тоқтаған жүректерімен бірге ала кеткен, шайқаста ажал құшқан, қаруластары көз алдына келді ме екен, әйтеуір тарихи кезеңдердің ауыр күндерін елестетуі де әбден мүмкін екен-ау...

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дейді халқымыз, 1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысына тікелей қатынасып, № 221 атқыштар полкінде рота командирі болып қызмет атқара жүріп, қатты жараланып, одан кейін де, ұрыс даласында талай қиын жағдайларда да аман қалды. Харьков, Киев қалаларын жаудан тазартуға қатынасады, осы ұрыстардағы ерлігі үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

Соғыс аяқталғаннан кейін де, ол кісіні бірден елге қайтармай, әскери саладағы кәсіби маман ретінде мемлекеттік қауіпсіз комитетіне қызметке ауыстырып, Қытай Халық Республикасына жібереді. Сол жерде жылдан астам уақыт болып, тапсырылған жұмысты абыройлы

атқарып, елге оралып, Алматыдағы жоғары оқу орнында соғысқа дейінгі түскен заң факультетінде оқуын жалғастырып, 1948 жылы үздік бітіріп, Қостанай облысындағы Қарасу ауданына халық соты болып, қызметке орналасады. 17 жылдық еңбек жолы сот қызметіне арналса, кейін облыстық партия комитетінің шешімімен Қостанай қаласындағы «Қазгеология» зерттеу трестінде саяси орынбасарлық қызметке жіберілді. Атам зейнеткерлікке шыққанға дейін облыстық соттың коллегия мүшесі, партия ұйымы хатшысы, астық қабылдау элеваторларында директор т.б. лауазымдық қызметтерді үлкен абыроймен атқарып келген. Өзінің өмірлік жары болған Тұрсын Әбдіқадырқызымен бірге 5 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді, балаларынан 15 немере, 3 шөбере сүйді. «Мүсекеңдей асыл жерлес ағаларымызды әрқашан мақтан етеміз. Бұл кісі «батыр» деуге лайық абзал адам. Бұл Батпаққара батыры» - деп кезінде аудандық газет бетінде ауданымыздың ардагерлер кеңесінің төрағасы Уахитұлы Балтабай аға «Батпаққара батыры» деген көлемді мақала жазған болатын.

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске – 70 жыл. Отан үшін от кешкен, бүгінгі бейбіт заман үшін жанын құрбан еткен соғыс ардагерлерін құрметтеу, олар туралы бүгінгі жас ұрпақтың білуі, естеліктерін оқып-үйренуі маңызды.

Енді халқымыз қайғы-қасірет көрмесін ешкім де, ешнәрсе де, ешқашан да ұмытылмақ емес! Біз бейбітшілікті сүйеміз! Оңайлықпен келмеген Тәуелсіздігіміздің туы мәңгілік желбіреп тұрсын дегім келеді.

Ботагөз Оразалықызы
ӘЛІМҒАЗИНА,
немересі.

Редакцияға хат

БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

Жақында «АА» газетінде жарияланған «Кемел кісіліктерін көрсеткен» атты мақалада басылған суреттердегі кісілердің бірінің аты белгісіз деп көрсетілген екен. Ол - біздің атамыз Әбен Темірбаев деген кісі. Әбен Темірбаев 1989 жылы Торғай үйезіндегі Жаркөл ауылында туған. Торғай қаласындағы Иванов мектебін бітірген. Оны тәмәмдаған соң Майқарау болысында болыстың писары болған. Одан кейін ауыл балаларына ұстаздық жасаған. Біраздан соң білімін жетілдіру үшін Орынбор қаласындағы мұғалімдік училищеге түсіп, оны орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі деген куәлікпен жақсы бітіріп шыққан. 1925-1928 жылдар аралығында әуелі Қараторғай болысында, кейін Батпақара ауданы ашылғанда мұғалім болған.

1928 жылдан бастап Батпаққара аудандық халық ағарту бөлімінде нұсқаушы, одан кейін осы бөлімнің алғашқы басшыларының бірі болып қызмет істеген. Әбен әкем 1925 жылы мұғалімдердің Бүкілодақтық бірінші съезіне делегат болып қатынасып, онда алыстағы ауыл мұғалімдерінің сол кездегі қиыншылық жағдайы туралы орыс тілінде сөз сөйлеген. Ол өз сөзінде сол кездегі жағдайды жан-жақты жеткізген. Сол жолы Әбен әкем Бүкілодақтық съезде Мақтау грамотасымен марапатталған.

Суреттегі бес адамның ішіндегі сол жақтан санағандағы төртіншісі, яғни басына кепка киіп отырған кісі аудандық халық ағарту бөлімінің сол кездегі меңгерушісі Әбен Темірбаев.


Әбенкеңнің балалары Мінайдар, Мұса ағаларым Аманкелді ауданының бетке ұстар белді азаматтары болғанын жұртшылық жақсы біледі. Әсіресе, үлкендер жағы олар туралы жылы лебіз білдіреді.

Әбен әкемнің үлкені Мінайдар - аудандық білім бөлімінде, одан кейін аудан мектептерінде мұғалім болып көп жыл жемісті қызмет жасады. Ал екінші баласы Мұса ағам - қатардағы киномеханиктен аудандық кинофикация мекемесінің директорлығына дейін көтерілді. Әбен әкемнің немерелері Мақсұт Әбенов - математика ғылымдарының кандидаты, Алматыдағы стратегиялық зерттеу институтының директоры болып қызмет етуде. Ал Хасен Темірбаев болса ұзақ жылдар ауданымызда совхоздарда бас малдәрігері болып қызмет жасады. Қазір Астана қаласында тұрады, жауыпты қызметте. Хасен жақсы әнші болатын. Бірақ ол жолды қууды Алла оған жазбапты.

Міне, қысқаша баян еткенде Әбен Темірбаев әкеміздің және оның ұрпақтарының өмір жолдары осындай. Әбен әкем Аманкелді ауданында білім беру ісінің жоғары деңгейде көтерілуіне көп еңбек сіңірді. Аудан мектептерінде ол кісі туралы деректер оқушыларға таныстырылса, дұрыс болар еді. Әйтпесе, ұрпақ ауысқан сайын бұрынғылар ұмытыла береді ғой. Аудандық білім бөлімі басшылығы осы мәселеге көңіл бөлуі керек. Еңбек сіңірген атағы бар мұғалімдер мен ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне, мәдениет саласы үздіктерінің бәріне бірдей аудан орталығында көше, мектеп аттарын беру мүмкін емес. Негізгі аудандағы Жаңа ауыл, Жалдама, Жасбуын, Амантоғай, Тасты, Қарынсалды, Қабырға, Құмкешу, Ақсай және басқа да мектеп аттарын өзгертеміз деу дұрыс емес. Жердің аты – елдің тарихы екенін ұмытпауымыз керек. Мектептер – барша халыққа ортақ білім орда-сы. Егер аудан білім беру ісіне сіңірген еңбегіне қарасак, менің де Әбен әкемнің атына бір мектептің атын сұрауыма болар еді. Бірақ мен ондайға барғым келмейді. Әрбір мектепте үлгілі, еңбегі зор ұстаздардың суреттерін көрікті жерге іліп, жас ұрпаққа үлгі еткен жөн.

Айтбай ШҮКЕНОВ,
еңбек ардагері. Аманкелді селосы.

АМАНГЕЛДІ АУДАНЫ САЙЛАУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



26 сәуір 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді. Дауыс

беру аудан аумағында құрылған сайлау учаскелерінде сағат 7.00-ден 20.00 дейін өткізіледі.

Нақтылы сайлау учаске-сінде азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады.

Сайлаушылар тізіміндегі өздеріңіз туралы деректерді тексеруге және дауыс беретін учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан

жері туралы мәліметті Call-орталықтан (ақпараттық орталық) біле аласыз, байланыс телефоны 8(71440)22-0-13.

2015 жылдың 10 сәуірінен бастап тиісті сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар тізімімен танысу, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар жөніндегі деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі беріледі.

Амангелді ауданы әкімі аппараты

Адам.Қоғам.Заң.

ТЕРРОРИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Бүгінгі таңда діни экстремизм мен терроризм сөздерін естімеген адам аз шығар. Баспа немесе ғаламтор беттерінен шет елдердегі және Қазақстандағы діни ахуал, соның ішінде діни экстремизм мен терроризм тақырыптарына қатысты мәліметтер жетерлік. Бұл аталған мәселенің әрине ғаламдық деңгейде орын алып отырғандығының белгісі.

Қазақстан әлем елдеріне көптеген конфессиялар мен ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүру мекені ретінде танылғаны рас. Дегенмен, экстремизм мен терроризм мәселесі біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Міне осы өзекті мәселелердің бірі, ғасыр індетінің алдын алу бойынша жастардың діни сауаттылығын ашу мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде дінтану және құқық пәнінің мұғалімі Ақжанов Бақытбек Ақынғазыұлының ұйымдастыруымен оқушылардың арасында «Терроризмге жол жоқ» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Дөңгелек үстелге Сатыбалды ишан атындағы мешіттің бас имамы Жандарбек Мүбәрәкұлы, Аманкелді ауданы КММ Мұражай директоры, мәжіліс депутаты Нұрлыбек Мағауияұлы, Аманкелді ауданы КММ Ішкі саясат бөлімінің бас маманы Қанат Тұрғынұлы және Аманкелді ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдер дамыту бөлімінің бас маманы Самат Мырзабекулы оқушылармен кездесуге, пікір алмасып, ой бөлісуге

келді. Кездесу барысында оқушылар өздерінің экстремизм мен терроризм жайында білетін мағлұматтарын ортаға салып, ойларын ашық жеткізе білді. Барлық оқушылардың санасындағы сансыз сұрақтарға келген қонақтар барынша толық әрі мардымды жауап берді. Оқушылар өздерінің экстремизм мен терроризмге деген қайшылықты көз қарастарын айқын білдіріп, осы ауыр індетпен күресу жолдарында айта өтті.

Ой бөлісу барысында Ерғазы Медет көрермендерге саяси экстремизмнің не екендігінен құлағдар етсе, Мусин Елдар діни экстремизм жайлы мағлұмат беріп өтті. Әр оқушының айтқан пікірі көпшілікке ерекше әсер берді. Бүгінгі жастардың діни экстремизмге бет бұрып кетуі «өзі ештемені білмей, еш нәрсе туралы ойламай, дін иелерінің сөзіне еріп, «ел қалай көпсе, мен де солай көштім» деген надандықтан шыққан соқыр сезім, үстірт наным» – бұл қазіргі қоғамға тән, діни сауатсыздықтың көрінісі, діни радикалданудың себебі болып отыр. Міне осындай ауыр індеттің алдын алуды бүгіннен бастағанмыз жөн. Бүгінгідей білімді де, жалынды жастары бар Қазақстан ешқашан аталмыш дерттің құрбаны болмасы анық.

Құнжамал КЕНЖЕАХМЕТОВА,
Ы.Алтынсарин орта мектебінің 11 сынып оқушысы

АЗАМАТТАР НАЗАРЫНА!

Алыс тұрған елді мекендердің тұрғындарына және мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсету қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ХҚКО ұтқыр топ құрамына зейнетақы және жәрдемақы төлеу және де тағайындау сұрақтары бойынша қызмет көрсететін ЗТМО бөлімшесінің маманы қосылды.

Ұтқыр топтың шығу кестесін ауылдық округтердің әкімдігінен білуге болады.

ЗТМО Қостанай облыстық филиалы

К СВЕДЕНИЮ ГРАЖДАН!

В целях обеспечения доступности государственных услуг жителям отдаленных населенных пунктов и гражданам с ограниченными возможностями в состав мобильных групп ЦОН включен специалист отделения ГЦВП, который будет оказывать услуги по вопросам назначения и выплаты пенсий и пособий.

График выездов мобильных групп следует узнавать у акимов сельских округов.

Костанайский областной филиал ГЦВП



Жақында ғаламтордан Светлана Сидорова деген орыс қызының «БАТЫР БӘЙТЕНОВ» деген шағын мақаласы алдымнан шыға келді. Әрине, орыс тілінде жазылған. Бәйтенев деген қазақтың фамилиясы ғой деп мақалаға көз жүгіртсем, толық аты-жөні Камал Бірәліұлы Бәйтенев болып шықты. Өз көзіме өзім сенбедім. Камал деген есім көзіме оттай басылды. Себебі бұл - Камал менің немере ағам еді. Ал Светлана Сидорова болса - көкемнің жиен немересі екен.

Камал көкем туралы анам Хати-ма Ахметқызы жиі айтушы еді. Ол 1916 жылы қараша айында біздің қожалардың ата қонысы Үйректе туған. Әкесі, біздің ағамыз Бірәлі Бәйтенұлы – әйгілі халық батыры Аманкелді Иманов бабамыздың құрдасы әрі қияметтік досы, жүзбасысы болған. Камал көкем туғанда Аманкелді батыр Бірәлі ағамның үйінде қонақта болған екен. Өмірге келген шарананы жеңгелері Бірәлі ағамыздың алдына алып келгенде, «Құдайы қонақ, әрі құрдасым, әрі досым Аманкелді батырға көрсетіндер! Мен көрмей-ақ қояйын» деген екен. Сонда Аманкелді ағамыз жас сәбидің жүзіне бір қарап, «Батыр бол, балам!» деп ақ батасын берген екен. Содан Бірәлі ағамыз өзінің кенже ұлы Камалды «Бұл Аманкелді батырдың баласы» деп атап кеткен екен. Былайғы туыс-туған да, аналары мен жеңгелері де көкемді «Батырдың батыр баласы» деп еркелетіп өсіріпті. Аманкелді ағамыз сонау Терісбұтақтан Торғайға, не Қостанайға, не Батпаққараға бара жатқанда Бірәлі ағамның үйіне соғып, бірер күн қонып, аттанады екен. Камал бір-екі жасқа келгенде Аманкелді ағамыз оны алдына алып отырып, маңдайынан сыйпаған екен. «Бұл балам батыр болады» деп те айтады екен.

Сонда Бірәлі атам күліп, «Батыр досым, ниетің қабыл болсын!» – деген көрінеді. Батыр ағамыздың ниеті мен батасы қабыл болды ма екен, Камал көкем жасынан өжет болып өседі. Бірәлі ағамыз оны Торғай қаласындағы Иванов мектебіне оқуға береді. Сол орыс мектебін үздік бітірген Камал көкеміз кейін кәсіби әскери адам болады.

1940 жылдың қаңтар - қыркүйек айлары арасында Ордженикидзе атындағы Әскери училищеде оқиды. Ал, сол 1940 жылдың 1 қазанынан 1941 жылдың 1 қазанына дейін Ростов Дондағы Әскери-Саяси училищеде білімін жалғастырады. 1941 жылдың 1 қазанынан - 1942 жылдың қаңтарына дейін Краснодар өлкесі Новокубан ауданындағы 1116-шы ротаның саяси жетекші болады. 1942 жылдың ақпанынан-сәуіріне дейін эвакуацияланған №3345 госпиталда емделеді. Осы госпиталда болашақ жары Мария Корнеевна Полищукпен танысады. Ол әскери дәрігер екен. Ауыр жарақат алған Камалды емдеп жазады. Көңілдері жарасады.

Госпиталдан жазылып шыққаннан кейін 1942 жылдың сәуірінен - қарашасына дейін Тбилиси қаласындағы артиллериялық



